

КРЕДИТТІК ШАРТ ЖАСАМАС БҮРЫН НЕ БІЛУ КЕРЕК

01

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІҢІЗ БЕН МҮМКІНДІКТЕРІҢІЗДІ БАҒАЛАҢЫЗ

Кредит, егер дұрыс мақсатқа пайдаланылса, өте ынғайлы қаржы құралы болып табылады. Қарыз алу туралы шешім қабылдай отырып, алдымен барлық тәуекелдерді бағалап алыңыз. Кредитті ресімдеу алдында:

- кірістер мен шығыстарды ескере отырып, қаржылық мүмкіндіктеріңізді есептеңіз;
- кредитке кететін күтілетін шығыстардың өсуін ескере отырып, өз мүмкіндіктеріңізді талдаңыз;
- кредитті алу шартта белгіленген мерзімде борыштың негізгі сомасын (кредитордан алынған соманы) қайтару, сондай-ақ кредитті пайдаланғаны үшін сыйақы, комиссиялар және басқа да төлемдер төлеу міндеттін қамтитынын түсіну қажет.

Борыш жүктемесі коэффициенті туралы ұмытпаңыз! Қарыз бойынша ай сайынғы

төлем сіздің кірісіңіздің 50%-нан аспауға

тиіс. Кредит бойынша ай сайынғы төлемді

төлегеннен кейін сізде бір ересек адамға ең тәменгі күнкөріс деңгейінен және отбасының әрбір кәмелетке толмаған мүшесіне ең тәменгі күнкөріс деңгейінің жартысынан кем емес мөлшерде қаржат қалуы керек.

02

ҚАРЫЗ МАҚСАТЫН ЖӘНЕ ӨТЕУ ӘДІСТЕРІН АНЫҚТАП АЛЫҢЫЗ

Кредиттер әр түрлі:

- кредитор қарыз алушының әр түрлі мұқтаждарына белгілі бір соманы берген кезде нысаналы емес;
- нысаналы - жылжымайтын мүлікті, жер учаскесін сатып алуға, білім беру, емдеу және басқаларға;
- қысқа мерзімді, өтеу мерзімі бір жылға дейін қоса алғанда берілетін;
- ұзақ мерзімге берілетін ұзақ мерзімді (12 айдан астам).

Кредиттер сондай-ақ қарыздың ең жоғары сомасымен, сыйақы мен мөлшерлемесімен, кепілдің болуымен немесе болмауымен ерекшеленеді.

Кредит шартына қол қоймас бүрүн, кредитті өтеудің ынғайлы әдісін тандау керек. Атап айтқанда:

- негізгі қарызды тең үлеспен өтеуді білдіретін сараланған әдіс. Негізгі қарыз тең үлеспен өтелуі есебінен ай сайынғы төлем ай сайын азаяды, ал пайыздар қарыздың қалдығына есептеледі. Егер сіз мерзімінен бүрүн өтеуді жоспарласаңыз, бұл тиімді;
- кредит берудің бүкіл мерзіміне созылған ай сайынғы төлемдер тең аннуитеттік әдіс. Яғни берешекті өтеу кредиттеудің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Негізгі қарыз бойынша төлемдер ұлғаяды, ал сыйақы бойынша төлемдер азаяды, тиісінше басында төлемдердің негізгі сомасы сыйақыны өтеуге кетеді.

03

БІРНЕШЕ ҚАРЖЫ ҰЙЫМЫНЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫН САЛЫСТЫРЫҢЫЗ

Кредит ресімдегіңіз келетін бірнеше кредит ұйымының сайттарына мониторинг жүргізіп, олардың өнімдерін талдаңыз. Ең жақсы нұсқаны таңдап, банк менеджерінен кредиттеудің барлық шарттарын нақтылаңыз: қарыз сомасы, төлемдердің мерзімі мен мөлшері, кредит алу немесе мерзімінен бүрүн өтеу кезінде комиссиялар бар-жоқтығы, барлық пайыздармен және төлемдермен кредиттің толық құны қандай болады, артық төлем қанша болады және басқа да маңызды мәселелер.